

2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ананың төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 105 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 мамырда № 5677 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 226 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 28.12.2020 № 226 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 57 "Бөкей ордасы ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5185 тіркелген, 2018 жылғы 5 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Бөкей ордасы ауданы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л.Қайырғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)	
					3 жасқа дейін (көп емес)	3 жастан 6 жасқа дейін теңге (көп емес)
Бөбекжай (жергілікті бюджет)						
1	Сайқын ауылы	"Сайқын ауылдық округі әкімі аппаратының "Ер Төстік" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	21846	5800	6000
2	Хан Ордасы ауылы	"Орда ауылдық округі әкімі аппаратының "Ақбота" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	25694	5300	5500
3	Бисен ауылы	"Бисен ауылдық округі әкімі аппаратының "Салтанат" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	90	31643	5800	6000
4	Бөрлі ауылы	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің "Балдаурен" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	50	36971	5300	5500
Мектеп - балабақша (жергілікті бюджет)						
5	Ұялы ауылы	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің "Ш.Жексенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-бөбекжай" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	37014	4800	5000
		"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің "А.Құсайынов атындағы жалпы орта білім				

6	Мұратсай ауылы	беретін мектеп-бөбекжай" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	33002	4800	5000
7	Саралжын ауылы	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің "Қ.Сағырбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	34016	3800	4000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК